



201 _____ жылғы _____
года

Астана, Үкімет Үйі

от « _____ » _____ 201 _____

№ _____

№ _____

№ исх: 20-11/536 от: 15.03.2017

**«Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшелеріне,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 15 ақпандағы № ДС-34

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде жастарды моноқалалар мен аудан орталықтарында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының агроөнеркәсіптік кешені мәселелері бойынша 2007 жылғы 5 наурыздағы республикалық кеңесте берген тапсырмасына сәйкес, ауылдық елдімекендерге жұмысқа және тұруға келген әлеуметтік сала мамандарына 2009 жылдан бастап жобаны іске асыру шеңберінде көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіліп келеді.

Бұл жобаға ауылдық жерде білікті кадрлардың жетіспеушілігі, білім беру, медициналық және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер сапасының төмендігі негіз болды.

Осы жобаны іске асыру ауылдық елдімекендерде әлеуметтік саланың мамандарын бекіту мәселелерін шешуге және халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтерді жақсартуға мүмкіндік береді, қала мен ауыл арасында қалыптасқан айырмашылықты теңестіруге ықпал етеді.

Көптеген жағдайларда мамандар жұмыс орнын және тұрғылықты жерін таңдаған кезде сол елдімекендердегі өмір сүру тіршілігінің неғұрлым тартымды болуы себебінен, қалалық жерлерді негізінен қолайлы көреді.

Осыған байланысты, осы жобаны моноқалалар мен аудан орталықтарында іске асыру қала мен ауыл арасындағы теңсіздіктің өсуіне, сондай-ақ жас мамандарды ауылға тарту үшін әлеуметтік пакетті кеңейту

қажеттілігіне әкеліп соқтырады, бұл мемлекеттік бюджеттен қосымша шығындарды қажет етеді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Үкіметтің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілді.

Жаңа Бағдарламаның негізгі мақсаты – үш бағыт бойынша міндеттерді шешу арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және біліктілігі жоқ адамдарды нәтижелі жұмыспен қамту. Олар қажетті кәсіптер бойынша және кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және дағдыларға баулу, жаппай кәсіпкерлік үшін жағдай жасау, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және еңбек ұтқырлығын қолдау арқылы еңбек нарығын дамыту болып табылады.

Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде жұмыс күші тапшы өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, үйлеспеушілік пен демографиялық теңгерімсіздігін жою мақсатында өз еркімен қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады.

Басым тәртіппен Бағдарламаға жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар, оның ішінде балалар ауылдарының тәрбиеленушілері мен балалар үйлерінің, он алтыдан жиырма үш жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп интернаттардың түлектері қатыса алады.

Бағдарламаның қатысушыларына олардың көшуіне және тұрғын үй жалдауға (жалға алуға) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстарды өтеуге субсидиялар беру түрінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Бұл шаралар аудан орталықтары мен моноқалаларды қамтиды, сондай-ақ жастарды еңбек нарығында бекітуге ықпал етеді.

Жазылғандарды ескере отырып, моноқалалар мен аудан орталықтарын кадрлармен қамтамасыз ету проблемаларын Бағдарлама шеңберінде шешкен орынды деп пайымдаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев